

# **Қазақ тілін оқушылардың бірлескен оқуы арқылы үйрену. (қазақ және орыс тілінде оқитын сыныптар)**

Өскемен қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері:  
**Ожанова Зағира Ожанқызы**  
**Махатпаева Алмагуль Турсынгазиновна**

**Нұр-Сұлтан 2019**

# Мәселе



Орыс тілінде оқитын оқушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейі оқу бағдарламасы талаптарына әрқашан сәйкес келе бермейді.

**Зерттеу сұрағы:** Оқушылар қазақ тілін орыс және қазақ тілінде оқитын сыныптардың бірлескен оқуы арқылы қаншалықты тиімді меңгере алады?

**Зерттеу мақсаты:** қазақ тілін меңгертуде нәтижеге орыс және қазақ тілінде оқитын сыныптардың бірлескен оқуы арқылы қол жеткізу жолдарын қарастыру.

## **Зерттеудің негізгі идеясы:**

Сабаққа қазақ тілінде (Т1) және орыс тілінде (Т2) оқитын оқушылар қатысады. Т1 оқушы сабақ барысында мұғалімнің рөлін орындайды. Сабақтан тыс сөйлеу дағдысын жетілдіру үшін табиғи тілдік орта құрады.

# Фокус топ

Әр сыныптан тілді меңгеру деңгейі әр түрлі А, В, С оқушылар іріктеліп алынды.

8 «А» сынып – қазақ тілінде оқиды.

8 «Д» сынып – орыс тілінде оқиды.

А оқушы	<i>Тілдік деңгейі жоғары: байланыстырып сөйлеуі жеткілікті қалыптасқан.</i>
В оқушы	<i>Тілдік деңгейі орта: өз ойын жүйелі түрде жеткізу дағдысы әлі де жеткілікті дамымаған.</i>
С оқушы	<i>Тілдік деңгейі төмен: сөздер мен синтаксистік құрылымдар жиынын шектеулі көлемде ғана меңгерген, сондай-ақ байланыстырып сөйлеуде мүмкіндігінше қиналады.</i>

# Зерттеудің тәжірибелік бөлім кезеңдері

Кезең	Мақсат	Ұйымдастырылған жұмыс	Жұмыс нәтижесі
<p><b>№1</b> <b>Сөздік қорды байыту</b></p>	<p>Орыс тілінде оқитын оқушыларды қазақ тілінде білім алатын оқушылардың тілдік деңгейіне жақындату.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Екі сыныптың оқушылары жеке типологиялық ерекшеліктері бойынша жұптасып (визуал+визуал, аудиал+аудиал т.б.) отырғызылды. Қазақ тілінде оқитын оқушы "мұғалім", ал орыс тіліндегі оқушы "оқушы" рөлінде болды.</li> <li>"Мұғалім" оқушы жаңа сөздер мен өрнектерді синониммен ауыстыру; мәтін мазмұнын жаңа сөздерге сүйене отырып игеруде перифраз жасауға көмектесті.</li> </ul>	<p>10 оқушының 8-і жаңа сөздерді жылдам үйреніп алды. Оқушылар «мұғалім» оқушыдан үйрену жеңіл екенін атап көрсетті, себебі олардың көбі қысылмай, еркін қарым-қатынаста болған. Әйтсе де, 2 оқушы өздерін әлі де еркін сезінбегендіктен, сөздерді толық меңгере алмаған.</p>
<p><b>№2</b> <b>Сөйлеу практикасы</b></p>	<p>Жаңа сөздерді өз ойын білдіру үшін пайдалану.</p>	<p>Сабақта Т1 және Т2 оқушылар өзара әңгімелесті, келіссөз жүргізді, аудиторияға арналған сөз дайындады, пікірталас т. б. қатысты.</p>	<p>Т2 оқушылар өз ойын мағынасы жағынан дұрыс, бірақ ұзақ, шатасып, түсініксіз айтты.</p>
<p><b>№3</b> <b>Мәтін талдау</b></p>	<p>Өзбетіншелік, тәуелсіздік, сыни пайымдау сияқты тұлғалық қасиеттерін дамыту.</p>	<p>Оқушылар мәтіндер мен маңызды құжаттарды оқыды, редактордың рөлін орындады: мәтіндерді баяу, сөздерді жеке-жеке оқыды, жекелеген сөздер мен сөйлемдерді қалай басқаша түсіндіруге болатынын, қандай ой тұжырымдары түсініксіз болғанын анықтауға тырысты. Оқушылардың міндеті мәтіннің әлсіз тұсын табу болды.</p>	<p>Оқушылар Блум таксономиясы негізінде жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындау арқылы өздерінің сыртқы жиынтық бағалауға дайындығын көрсетті.</p>

# Зерттеу әдістері

## Сауалнама

**Сауалнама жүргізудің мақсаты:** оқушыларға жаңа сөздерді меңгертудің тәсілдерін қарау.

### Сұрақтар:

1. Жаңа сөздерді мұғаліммен бірге үйренген ыңғайлы ма, әлде «мұғалім» оқушымен үйренген жеңіл ме?
2. Қанша жаңа сөзді есіңе сақтап алдың?

### Сауалнама нәтижесі:

1. Мұғаліммен -2, «мұғалім» оқушымен -8;
2. 10 оқушының 8-і барлық жаңа сөзді меңгерді;

**Қорытынды:** көпшілік оқушыларға жаңа сөзді «мұғалім» оқушыдан үйрену жеңіл болған. Бұның себебін оқушылардың көбінің қысылмай, өзара еркін қарым-қатынаста болуы деп есептейміз. Әйтсе де, 2 оқушы өздерін әлі де еркін сезінбеген, сондықтан дұрыс түсене алмаған.

## Бақылау және күнделік жүргізу

Қазақ сыныптарының А, В, С оқушылары сабақтан тыс уақытта орыс сыныптарының А, В, С оқушыларын бақылап, бір күнде жаңа сөз қолданып, қазақша қанша сөйлем айтқандарын анықтады.



**Бақылаудың мақсаты:** меңгерілген сөздерді өз ойын білдіруде пайдалану процесін зерттеу.

### Бақылау нәтижесі:

оқушы	20 жаңа сөзден оқушы қолданды											
	күндер											
	1 -күн		2 -күн		3 -күн		4 -күн		5 -күн		аптасына	
	+	-	+	-	+	-	+	-	+	-	+	-
А	5	0	5	0	7	0	7	0	12	11	35	1
В	3	0	4	1	5	0	6	2	8	0	26	3
С	1	0	1	2	2	3	2	3	4	3	10	11

**Қорытынды:** зерттеу нәтижелері көрсеткендей, А, В оқушылар жаңа сөздер мен сөз өрнектерін әңгімелесушімен қарым-қатынаста қолданады, сөздерді синонимдермен де ауыстырады. С оқушы сөздерді оның бір ғана стилистикалық нұсқасында еркін қолданады, ал егер басқа синоним қолдану қажеттілігі туындаса, қиналады.

# Қайта алынған сауалнама сұрақтары




## Қорытынды:

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, қазақ тілін екі сыныппен бірге өткізу оқушылардың 81 % -ына ұнаса, 19 % -ына ұнамаған. Бұл ұнамаған көрсеткіштің тек T2 сыныбына ғана қатысты болуы олардың қазақ тілінде еркін сөйлейтін оқушылардың қасында өздерін ыңғайсыз сезінуден болған. Оқушылардың 78 %-ы қазақ тілін екі сыныппен бірге болатын сабақта үйрену қызықты әрі жеңіл деп есептейді. Ал қалған 22 % көрсеткіште T1 сынып оқушылары T2 сынып оқушыларымен жұптық жұмыста көмектесуге көп уақыттарын жіберетінін айтса, T2 сынып оқушылары T1 оқушыларының қазақша жылдам сөйлейтіндіктерінен кейбір ақпаратты түсінбей қалатындығын айтады. Жалпы алғанда, оқушыларға бірге жұмыс істеу ұнайды, себебі олар өздерін жайлы сезінген.




# 1-тоқсан және 2-тоқсан БЖБ нәтижелерін төрт тілдік дағды (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша салыстырмалы талдау

## 8 А сыныбының БЖБ талдауы



## 8 Д сыныбының БЖБ талдауы



**Қазақ тілі сабағын орыс және қазақ сыныптарымен бірге өткізу мынадай міндеттерді шешер еді:**

- табиғи тілдік орта қалыптасады;
- оқушының сөздік қоры байды;
- оқушының дербестік, пайымдау тәуелсіздігі, сыни көзқарас сияқты тұлғалық қасиеттері дамиды;
- оқушының коммуникативтік дағдысы жетіледі.

## Қорытынды

«Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» Даму стратегиясында Зияткерлік мектептің 12-сыныпты бітіруші оқушылары ана тілін С2+, екінші тілді С2 және ағылшын тілін В2-С1 деңгейінде меңгеруі тиіс деп көрсетілген. Біз бұл зерттеу нәтижесін осы мәселені шешудің бір жолы деп ұсынамыз. Алайда, мұндай сабақты жоспарлау мен ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар. Олар:

- *Оқушылардың тіл деңгейі әр түрлі болғандықтан, ортақ тапсырмалар құруда әр оқушының оқу бағдарламасы талабына сай оқу міндетін орындауын ойластыру керек;*
- *Мұғалім Т1,Т2 сыныптардың оқу бағдарламасы мазмұны бойынша екі сыныпқа ортақ ұқсастықты (лексикалық бөлім, оқу мақсаттары бойынша) анықтауы керек;*
- *Жұмысты сыртқы емтихан форматындағы Т1,Т2 сыныптарына қойылған талаптардың әртүрлілігін (талдау, салыстыру, бағалау т.б. бойынша) ескере отырып үйлестіру.*

## Ұсыныс:

- Бірлескен жұмыстың тиімділігі үшін Т1,Т2 ( параллель) сынып оқушыларын жұптасып отырғызған дұрыс;
- Оқушыларды жұптастыруда олардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктері ескерілгені жөн (аудиал-аудиал, визуал-визуал, кинестетик-кинестетик т.б.);
- Жұптық жұмыста Т1 сынып оқушылары жетелеу мақсатында «мұғалім» рөлін атқарады;
- Мұғалімнің әр сабаққа (қажеттілігіне қарай) скаффолдинг дайындағаны жөн;
- Оқу материалдарын іріктеу, ортақ тапсырмалар құру үшін екі сыныпқа ортақ модульдік жоспар жасау;
- Ынтымақтастық болу үшін Т1,Т2 параллель сыныптарды бір шаңыраққа топтастырған тиімді.

## Зерттеу үрдісінде кездесетін кедергілер:

- Оқушылардың тіл деңгейі әр түрлі болғандықтан, ортақ тапсырмаларды құрудың күрделілігі;
- Орыс және қазақ сыныптарының қазақ тілінен оқу бағдарламасының мазмұныны (лексикалық бөлім, көпшілік оқу мақсаттары) ұқсас болса да, қойылған талаптарының (сыртқы емтихан форматы) әртүрлілігі.
- Екі сыныптың сабақ кестесін сәйкестендіру.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Vygotsky, L. S., (1978). Mind in Society. [Қоғамдағы сана]. Cambridge, MA: Harvard University Press. W
2. Barber, M., Mourshed, M. & McKinsey., (2007). Report «Consistently high performance: Lessons from the world's top performing school systems». [Мектепте орнықты жоғары сапалы оқытуға қалай қол жеткізуге болады]
3. БАҚ, «Ел» газеті, 2011 жыл, 29 наурыз «Үштұғырлы тіл: Бәсекеге қабілетті тіл болудың бірінші сатысы», Т. Табынұлы
4. «Мұғалімге арналған нұсқаулық», үшінші (негізгі) деңгей
5. Alberta Teacher Association (2000). Action research Guide. [Іс-әрекеттегі зерттеу бойынша нұсқаулық].
6. Қ.Бітібаева. Құдайбергенова Г. Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. Өскемен, 2002ж.
7. Оралбаева Н. Жақсылықова Қ. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі, А: 1996 жыл.



**Назарларыңызға рахмет!**